**Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 22 өкімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 27-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша):

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің өкімдеріне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы (бұдан әрі – Комиссия):

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесін жаңарту үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттары шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі тиісінше – интеграцияланған жүйе, Одақ) кешенді техникалық сараптама, сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалану мүмкіндігіне талдау жүргізуді;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің барлығынан мердігер ұйымдарды міндетті түрде шақыра отырып, интеграцияланған жүйеге кешенді техникалық сараптама жүргізу үшін ұйымды (ұйымдарды) айқындау мақсатында конкурстық рәсімдер өткізуді;

в) Одақ органдарының ықпалдастырылған жүйені құруды, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен дамытуды регламенттейтін актілеріне оларды жаңарту мақсатында талдау жүргізуді;

г) Одақ бюджетінің тиісті қаржы жылына арналған жобасына, сондай-ақ интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарларына материалдар құрамында интеграцияланған жүйені дамыту және жаңғырту бойынша жұмыстардың қаржы-экономикалық негіздемесін дайындауды;

д) оның ішінде интеграцияланған жүйені құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын келісу мақсатында Одаққа мүше мемлекеттің интеграцияланған жүйесінің ұлттық сегменті Комиссиясы мен тапсырыс берушісінің, Комиссияның және мемлекеттік функционалдық тапсырыс берушілердің ( интеграцияланған жүйені пайдаланып, мемлекетаралық өзара іс-қимылға қатысатын

Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдарының) өзара іс-қимыл тәртібін әзірлеудің орындылығы туралы мәселені қарауды қамтамасыз етсін.

3. Комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі алқа мүшесіне (министр):

а) 2021 жылғы I тоқсанның соңына дейін комиссия Комиссия Алқасының қарауы үшін интеграцияланған жүйені дамыту және жаңғырту жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, оның кешенді техникалық сараптамасының нәтижелеріне талдау жүргізу туралы ақпарат берсін;

б) Комиссия Кеңесіне осы Өкімнің іске асырылу қорытындылары туралы баяндасын.

4. Осы Өкім Одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей*
*Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан Федерациясынан*
*М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов Э.Асрандиев А.Оверчук*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 22 өкіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің өкімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 37 өкімінде:

а) көрсетілген өкіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 5
желтоқсандағы
№ 37 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 22 өкімінің редакциясында)

## Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| Іс-шара | Күтілетін нәтиже | Орындалу мерзімі | | Орындаушы | Қаржыландыру көлемі[1] (мың рубль) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2019 жыл | 2020 жыл | | 2019 жыл | 2020 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін ( бұдан әрі тиісінше – интеграцияланған жүйе, Одақ) жалпыжүйелік жобалау, оның ішінде: | | | | | 171 650,0 | 136 553,0 |
| а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыруға арналған бағыттар тізбесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 Шешімімен бекітілген жалпы процестер тізбесін жаңарту | жаңартылған тізбе | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Еуразиялық экономикалық комиссия ( бұдан әрі – Комиссия), Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ( бұдан әрі тиісінше – уәкілетті органдар, мүше мемлекеттер) | | – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (бұдан әрі – жалпы процестер тізбесі) | | | | | – | |
| б) Одақтың деректер моделімен өзара байланыста, оның ішінде реттеудің бірнеше саласын қозғайтын кешенді жобаларды іске асыру кезінде жалпы процестер технологиясын дамыту туралы нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу | нормативтік-әдістемелік құжаттардың жобалары | I – II тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 7 630,0 | – |
| в) мемлекетаралық (трансшекаралық) электрондық қызметтерді жүзеге асыруды регламенттейтін нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу | нормативтік-әдістемелік құжаттардың жобалары | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 5 750,0 | – |
| г) интеграцияланған жүйенің құрамдастарына техникалық сараптама жүргізуді регламенттейтін нұсқаулықтық-әдістемелік | нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттардың жобалары | III – IV тоқсандар | – | Комиссия | | – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| құжаттарды әзірлеу және жаңарту | | | | | 3 000,0 | |
| д ) интеграцияланған жүйенің есептеу инфрақұрылымын дамыту жөніндегі техникалық шешімдерді әзірлеу | техникалық шешімдер | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 15 370,0 | – |
| е) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесін қалыптастыру және жетілдіру туралы нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және жаңарту | нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттардың жобалары | III – IV тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 2 470,0 | – |
| ж) Одақтың деректер моделін дамыту | Одақтың деректер моделі, Одақтың деректер моделінің сипаттамасы | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар | 32 800,0 | 10 300,0 |
| з ) мемлекетаралық (трансшекаралық) электрондық қызметтерді іске асыру үшін басым қызметтер тізбесін жаңарту | мемлекетаралық (трансшекаралық) электрондық қызметтердің тізбесі | III – IV тоқсандар | III – IV тоқсандар | Комиссия, уәкілетті органдар | – | – |
| и) Одақтың 2019-2020 жылдарға арналған нормативтік-анықтамалық | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ақпаратының бірыңғай жүйесін қалыптастыру және жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын жаңарту | іс-шаралар жоспары | I тоқсан | I – II тоқсандар | Комиссия, уәкілетті органдар | – | – |
| к) Комиссия бекітетін тізбеге сәйкес мәліметтерді мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері мен жеке тұлғалары уәкілетті органдарға электрондық түрде ұсыну кезінде (бұдан әрі – B2G өзара іс-қимыл рәсімдері) пайдаланылатын құжаттардың электрондық түріне қойылатын талаптардың жобаларын әзірлеу | электрондық түрдегі құжаттарға қойылатын талаптардың жобалары | II – IV тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Комиссия, | | | |
| л) Комиссия бекітетін тізбеге сәйкес B2G өзара іс-қимыл рәсімдерін электрондық түрде іске асыруға қойылатын бірыңғай талаптардың жобаларын әзірлеу | B2G өзара іс-қимыл рәсімдеріне қойылатын талаптардың жобалары | тұрақты негізде | – | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | уәкілетті органдар | 47 500,0 | 19 300,0 | |
| м) осы тармақтың "и" тармақшасында көрсетілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінің анықтамалары мен сыныптауыштарын әзірлеу | анықтамалар мен сыныптауыштар | II – IV тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар, анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізу жөніндегі операторлар | | | |
| н) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімімен бекітілген Жалпы процестер тізбесіне және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібіне (бұдан әрі – Жалпы процестерді іске асыру тәртібі) сәйкес жалпы процестерді іске асыру қағидаларыны | жалпы процестерді іске асыру қағидаларының жобалары | тұрақты негізде | – | Комиссия | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ң жобаларын әзірлеу | | | | | | |
| о) Жалпы процестер тізбесіне және Жалпы процестерді іске асыру тәртібіне сәйкес жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың (бұдан әрі – технологиялық құжаттар) жобаларын әзірлеу | технологиялық құжаттардың жобалары, бағдарламалық құралдардың прототиптерін көрсету хаттамалары | тұрақты негізде | – | Комиссия | | |
| п) Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарына сәйкес (қажет болған кезде) ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың жобаларын әзірлеу | нормативтік-техникалық құжаттардың жобалары | тұрақты негізде | – | Комиссия | | |
| р) жалпы процестер тізбесіне және Жалпы процестерді іске асыру тәртібіне сәйкес уәкілетті органдардың | жалпы процестерді | тұрақты негізде | тұрақты негізде | уәкілетті органдар | | – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жалпы процестерді іске асыру қағидаларының жобаларын келісуі | іске асыру қағидаларының жобалары | | | | – | |
| с) жалпы процестер тізбесіне және Жалпы процестерді іске асыру тәртібіне сәйкес уәкілетті органдардың технологиялық құжаттардың жобаларын келісуі | технологиялық құжаттардың жобалары | тұрақты негізде | тұрақты негізде | уәкілетті органдар | – | – |
| т) Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарына сәйкес (қажет болған жағдайда) уәкілетті органдардың ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттар жобаларын келісуі | нормативтік-техникалық құжаттардың жобалары | тұрақты негізде | тұрақты негізде | уәкілетті органдар | – | – |
| у) интеграцияланған жүйені дамыту және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті стандарттар мен ұсынымдарды | стандарттар мен ұсынымдар | II – IV тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар | | – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ң жобаларын әзірлеу | | | | | 2 250,0 | |
| ф ) интеграцияланған жүйені құруға арналған техникалық тапсырмаға және № 2 қосымшаға сәйкес (1 – 11 тармақтар) Интеграцияланған жүйе комиссиясының интеграциялық сегментінің (бұдан әрі – Комиссияның интеграциялық сегменті) кіші жүйелерімен құрамдастарын жаңғыртуға және құруға арналған жеке техникалық тапсырмаларды әзірлеу | жеке техникалық тапсырмалар | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 26 200,0 | – |
| х) цифрлық платформаны қалыптастыру кезінде интеграцияланған жүйенің сервистерін пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттарды әзірлеу | нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттардың жобалары | II – IV тоқсандар | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 12 300,0 | – |
| ц) цифрлық платформаны қалыптастыру кезінде интеграцияланған жүйенің | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| сервистерін пайдалануға арналған техникалық шешімдер мен құралдарды әзірлеу | техникалық шешімдер | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 13 880,0 | 39 150,0 |
| ч) интеграцияланған жүйені жалпыжүйелік жобалау кезінде орындалатын жұмыстарға техникалық сараптама | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | І тоқсан | Комиссия | 2 500,0 | 803,0 |
| ш) Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне кешенді техникалық сараптама | есептер, орындалған жұмыстардың актілері, нұсқаулықтық-әдістемелік құжаттардың жобалары, стандарттар мен ұсынымдардың жобалары | – | IV тоқсан | Комиссия | – | 67 000,0 |
| 2. Комиссияның интеграциялық сегментін жаңғырту және дамыту, оның ішінде: | | | | | 219 520,0 | 89 650,0 |
| а) интеграцияланған жүйені құруға арналған техникалық тапсырмаға және осы жоспарға № 2 қосымшаға (1 – 11 тармақтар) сәйкес Комиссияның интеграциялық сегментінің | техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | | 25 600,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| құрамында кіші жүйелерді жаңғырту | | | | | 68 640,0 | |
| б) осы жоспарға № 1 қосымшаға сәйкес Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамында жалпы процестер сервистерін бағдарламалық қамтамасыз етуді құру ( жаңғырту және дамыту) | техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | | |
| в) осы жоспарға № 1 қосымшаға сәйкес интеграцияланған жүйеге мемлекетаралық сынақтар жүргізу кезінде және интеграцияланған жүйеге мүдделі мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде (бұдан әрі-ұлттық сегменттер) оларды пайдалану үшін ортақ процестер сервистерін бағдарламалық қамтамасыз етудің базалық құрамдауыштарын құру ( жаңғырту және дамыту) | техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| г) мүдделі тұлғалардың B2G өзара іс-қимыл рәсімдерін іске асыру үшін қажетті құжаттарды сәйкестендірілген талаптарға сәйкес электрондық түрде қалыптастыруы мүмкіндігін қамтамасыз ететін сервистерді құру (жаңғырту және дамыту) | техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | – | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар[2] | 147 880,0 | 63 250,0 | |
| д) технологиялық құжаттардың құрамына кіретін қосылу тәртібіне, жалпы процестер тізбесіне және Жалпы процестерді іске асыру тәртібіне сәйкес жалпы процестерге қатысушылардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылға тестілеу жүргізу | тестілеу актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар[2] | | | |
| е) Комиссияның интеграциялық сегментін жаңғырту | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| және дамыту жөніндегі жұмыстардың техникалық сараптамасы | есептер | тұрақты негізде | I тоқсан | Комиссия | 3 000,0 | 800,0 |
| 3. Ұлттық сегменттерді жаңғырту және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, оның ішінде: | | | | | 17 430,0 | – |
| а) ұлттық сегменттерді жаңғырту және дамыту жоспарларын әзірлеу | Ұлттық сегменттерді жаңғырту және дамыту жоспарлары | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес | уәкілетті органдар, Комиссия | – | – |
| б) осы тармақтың "а" тармақшасында көзделген жоспарларға сәйкес ұлттық сегменттерді жаңғырту және дамыту | аралық есептер | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес | уәкілетті органдар[2], Комиссия | – | – |
| в) ұлттық сегменттің интеграциялық шлюзі мен мүше мемлекетте қолданылатын ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесі арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық құралдарды (адаптерлерді) электрондық түрде (үлгілік шлюз негізінде іске | техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | | – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| асырылған ұлттық сегменттердің интеграциялық шлюздері үшін) әзірлеу және жаңғырту | | | | | 17 430,0 | |
| г) осы жоспарға № 1 қосымшаға[3] сәйкес ұлттық сегменттерде жалпы процестерді іске асыруды қамтамасыз ету | есептер | тұрақты негізде | тұрақты негізде | уәкілетті органдар[2], Комиссия | – | – |
| д) ұлттық сегменттерді жаңғырту және дамыту жөніндегі жұмыс барысы туралы есептерді дайындау | есептер | IV тоқсан | IV тоқсан | уәкілетті органдар, Комиссия | – | – |
| 4. Трансшекаралық сенім кеңістігінің инфрақұрылымын құру және дамыту, оның ішінде: | | | | | 73 800,0 | 111 650,0 |
| а) трансшекаралық сенім кеңістігін құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілер мен ұйымдық-тех | Одақ органдары актілерінің жобалары (оның ішінде Одақ органдарының актілеріне өзгерістер енгізу туралы | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар | | 8 750,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| никалық құжаттар жобаларын әзірлеу және оларды жаңғырту | ) , тұжырымдамалар | | | | 4 500,0 | |
| б) ақпаратты электронды түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының интеграциялық құрамдасына қойылатын техникалық талаптарды қоса алғанда, дамудың 2-ші кезеңінің трансшекаралық сенім кеңістігінің сәулетін құру және бекіту | сәулеттің сипаттамасы, техникалық талаптар, есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 3 000,0 | – |
| в) осы жоспарға № 2 қосымшаның 12-тармағына сәйкес сенім білдірілген үшінші тараптың кіші жүйесін жаңғырту және дамыту | жеке техникалық тапсырмалар, техножұмыс жобалары, техникалық шешімдер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 8 400,0 | 31 250,0 |
| г) осы жоспарға № 2 қосымшаның 13-тармағына сәйкес интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарап қызметінің куәландыруш | жеке техникалық тапсырмалар, техножұмыс жобалары, техникалық шешімдер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | | 12 800,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ы орталығын жаңғырту және дамыту | | | | | 9 900,0 | |
| д) осы жоспарға № 2 қосымшаның 14-тармағына сәйкес Комиссияның куәландырушы орталығын жаңғырту және дамыту | жеке техникалық тапсырмалар, техножұмыс жобалары, техникалық шешімдер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 8 750,0 | 12 400,0 |
| е) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электрондық шығыс (кіріс) құжаттарда электрондық цифрлық қолтаңбаларды қолданудың заңдылығын бақылауды қамтамасыз ету үшін электрондық өзара іс-қимыл субъектілерінің артықшылықтары мен өкілеттіктерін басқару инфрақұрылымын құру | техникалық талаптар, жеке техникалық тапсырмалар, техножұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 8 900,0 | – |
| ж) Комиссияның куәландырушы орталығына кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді техникалық қолдауды | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | | 6 800,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| қамтамасыз ету | | | | | 5 200,0 | |
| з ) Комиссияның сенім білдірілген үшінші тарапының кіші жүйесіне техникалық қолдауды, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 6 250,0 | 8 450,0 |
| и) мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тарапының кіші жүйелеріне техникалық қолдауды, кепілдік беру және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда) | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар | 18 900,0 | 31 200,0 |
| 5. Одақ ақпаратын криптографиялық қорғаудың мамандандырылған құралдарын бірлесіп | техникалық тапсырмалар, техникалық жобаның құжаттамасы, жұмыс конструкторлық құжаттама, патенттік зерттеулер жүргізу туралы есеп, тәжірибелік үлгілер, | тұрақты негізде | тұрақты негізде | уәкілетті органдар, Комиссия | | 119 260,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| әзірлеу жөніндегі жобаны іске асыру | тәжірибелік үлгілерге сынақтар жүргізу хаттамалары мен актілері, орындалған жұмыстардың актілері | | | | 13 500,0 | |
| 6 . Интеграцияланған жүйенің ақпараттық-телекоммуникациялық және есептеу инфрақұрылымының жұмыс істеуін қолдау, оның ішінде: | | | | | 257 498,2 | 217 222,0 |
| а ) Комиссияның интеграциялық сегменті мен ұлттық сегменттер арасындағы өзара іс-қимыл үшін деректер беру арналарын жалға алу | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 43 080,2 | 42 996,3 |
| б ) Комиссияның интеграциялық сегментінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін деректерді өңдеу орталығының қызметтерін сатып алу | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 22 124,1 | 22 000,0 |
| в ) Комиссияның интеграциялық сегментінің жұмыс істеуі үшін қажетті жалпыжүйелі | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| к және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялард ы сатып алу ( жалға алу) | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 87 978,9 | 62 585,7 |
| г) 2015 – 2018 жылдары әзірленген интеграцияла нған жүйенің кіші жүйелері мен құрамдастары н сүйемелдеу | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия | 55 500,0 | 55 900,0 |
| д) Одақтың нормативтік-а нықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінің анықтамалар ы мен сыныптауышт арын жаңарту | анықтамалық тар мен сыныптауышт ар | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар, анықтамалық тар мен сыныптауышт арды жүргізу жөніндегі операторлар | 20 915,0 | 8 240,0 |
| е) ұлттық сегменттердің интеграциялы қ шлюздерінің жұмыс істеуін сүйемелдеу және қамтамасыз ету | есептер, орындалған жұмыстардың актілері | тұрақты негізде | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар[2] | 24 100,0 | 25 500,0 |
| ж ) интеграцияла нған жүйенің ақпараттық-те лекоммуника циялық және есептеу инфрақұрылы мының жұмыс істеуін қолдау жөніндегі жұмыстардың техникалық сараптамасы | есептер | тұрақты негізде | – | Комиссия | 3 800,0 | – |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. Пайдаланушыларды ақпараттандыру құралдарымен жұмыс істеуге оқыту, оның ішінде: | | | | | 15 585,0 | – |
| а) Комиссияның қызметкерлері мен лауазымды адамдарын Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамында интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерімен жұмыс істеуге оқыту | есеп | II және IV тоқсандар | II және IV тоқсандар | Комиссия | 2 015,0 | – |
| б) уәкілетті органдардың өкілдерін оқыту | есеп | II тоқсан | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 4 690,0 | – |
| в) мүше мемлекеттердің жеке тұлғалары мен шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында интеграцияланған жүйе сервистерін ілгерілету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу | есеп | II тоқсан | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 1 180,0 | – |
| г) инновациялық жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу | есеп | тұрақты негізде | – | Комиссия, уәкілетті органдар | 7 700,0 | – |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Осы жоспардың 1 – 7-тармақтары бойынша жиыны | | | | | 768 983,2 | 674 335,0 |
| 8. Одақтың цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттарын орындау жөніндегі іс-шаралар мен жобалар | нормативтік-техникалық құжаттардың жобалары, техно-жұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері | II – IV тоқсандар | тұрақты негізде | Комиссия, уәкілетті органдар | – | 500 000,0[4] |
| Барлығы | | | | | 768 983,2 | 1 174 335,0 |

1 Іс-шараларды қаржыландыру Одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2 Ұлттық сегменттерде орындалатын жұмыстарға қатысты бөлігінде іс-шараларды қаржыландыру мүше мемлекеттер бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3 Іс-шаралардың құрамы мен оларды орындау мерзімдері Комиссия бекітетін технологиялық құжаттардың құрамына кіретін қосылудың тиісті тәртіптерімен айқындалады.

4 Іс-шаралар мен жобаларды қаржыландыру Одақ органдарының жобаларға бастамашылық жасау және оларды іске асыру туралы актілері қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.";

б) көрсетілген жоспарға № 2 қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың
интеграцияланған ақпараттық жүйесін
құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз
ету және дамыту жөніндегі 2019 – 2020
жылдарға арналған іс-шаралар
жоспарына
№ 2 ҚОСЫМША
(Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 22 өкімінің редакциясында)

## Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Еуразиялық экономикалық комиссияның жаңғыртылатын кіші жүйелері мен интеграциялық сегменті құрамдастарының ТІЗБЕСІ

| | Жеке техникалық тапсырманы әзірлеу мерзімі | | Кіші жүйені жаңғырту мерзімі | |
|---|---|---|---|---|
| | І кезең | ІІ кезең | І кезең | ІІ кезең |
| 1. Еуразиялық экономикалық | 2019 ж. ІІ тоқсан | – | 2019 ж. ІV тоқсан | – |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| одақтың ақпараттық порталы | | | | |
| 2 . Ақпараттық-талдамалық кіші жүйе | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 3. Статистика | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 4. Жобалар мен бағдарламаларды басқару | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 5. Тосқауылдар мен кедергілерді талдау | 2019 ж. IV тоқсан | – | – | – |
| 6 . Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 7. Техникалық реттеу | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 8. Жалпы процестерді басқару | 2019 ж. II тоқсан | – | 2019 ж. IV тоқсан | – |
| 9. Интеграциялық платформа | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 10. Нормативтік-анықтамалық ақпаратты, тізілімдерді және тіркелімдерді жүргізу | 2019 ж. III тоқсан | – | – | – |
| 11. Ақпараттық қауіпсіздік | 2019 ж. IV тоқсан | – | – | – |
| 12. Еуразиялық экономикалық комиссияның сенім білдірілген үшінші тарапы | 2019 ж. III тоқсан | – | 2020 ж. IV тоқсан | – |
| 13. Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің сенім білдірілген үшінші тарапы қызметінің куәландырушы орталығы | 2019 ж. III тоқсан | – | 2020 ж. IV тоқсан | – |
| 14. Еуразиялық экономикалық комиссияның куәландырушы орталығы | 2020 ж. IV тоқсан | – | 2020 ж. IV тоқсан | – ". |

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 3 өкімінің 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК